«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
КОМИТЕТІНІҢ АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

060011, Атырау қаласы, Б.Құлманов көшесі 148-а үй
тел.: 8 (7122) 31-90-44, 31-90-40

060011, город Атырау, улица Б.Кулманова, 148-а
тел.: 8 (7122) 31-90-44, 31-90-40

08-и-307/303
28.08.2019 ж.

**«Шаңырақ» қоғамдық
бірлестігінің директоры
Ж.Ильясоваға**

Атырау облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(Әрі қарай –Департамент)* Сіздің 2019 жылы 09 тамыздағы №52035 *(09.08.2019ж ЗТ-И-307 санмен тіркелген)* «Атырау облысы Ішкі саясат басқармасы» *(Әрі қарай –Ұйымдастырушы)* ММ-мен мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша сатып алу тәсілімен өткізілген №3506798-1 «Атырау облысындағы 2019 жылға арналған үкіметтік емес ұйымдардың әлеуметтік маңызды жобаларды жүзеге асыру қызметі» мемлекеттік сатып алуына қатысты жазылған өтінішіңіз бойынша төмендегіні хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидасының *(әрі қарай-Қағида)* 223 тармағына сәйкес мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алулар Қазақстан Республикасының мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс саласындағы заңнаманың талаптарын ескере отырып, жүзеге асырылады.

Бұдан әрі, Қағиданың 233 тармағына сәйкес Ұйымдастырушы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды өткізу барысында конкурстық құжаттамада әлеуетті өнім берушілермен ұсынылатын техникалық ерекшелікті бағалау үшін мынадай өлшемшарттарды көздейді:

1) әлеуетті өнім берушімен ұсынылған жобаның тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігіндегі талаптарына сәйкестігі;

2) әлеуетті өнім берушінің қызмет мақсатының Тапсырыс беруші сатып алатын көрсетілетін қызметтерге сәйкестігі (құрылтай құжаттарына сәйкес);

3) егжей-тегжейлі Іс-шаралар жоспарының Тапсырыс беруші қойған мақсаттарға қол жеткізуге сәйкестігі (іс-шаралар атауы және үлгісі, өткізілетін орны мен уақыты, жауапты тұлғалардың тегі, аты, әкесінің аты (бар болса));

4) әлеуетті өнім берушінің "Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында" болуы туралы мәліметтері;

5) әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы;

6) жоба белгілі бір аумақта (астана, республикалық маңызы бар қала, облыс, аудан, қала) іске асырылған жағдайда - үкіметтік емес ұйымның тиісті өңірдегі жұмыс тәжірибесі;

7) әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың тәжірибесі мен біліктілігі;

8) жобаны іске асыру тиімді қорытындысын бағалау индикаторларының бар болуы.

Осы тармақтың 1) - 8) тармақшаларында көзделген өлшемшарттар бойынша баллды есептеу конкурстық құжаттаманың 12-қосымшасына сәйкес есептеледі.

Сіздің өтініміңізде ұсынылған техникалық ерекшелікке 0 бал берілуі туралы:

Сіздің конкурстық өтініміңіздің 2-қосымшасында көрсетілген техникалық ерекшелікте, Ұйымдастырушының бекітілген техникалық ерекшелігенде көрсетілген некеге тұруға ниет білдірген жұптарға моральді-психологиялық кеңес беру кеңсесін ашу (некенің маңыздылығы мен жауапкершілігі, отбасы құндылықтары, отбасындағы ситуациялар т.б. мәселелер бойынша), айына 2 рет 10-15 жұпқа өткізілуі тиістігі, қатысушыларға ауыз сумен қамтамасыз етілуі, әр кездесуде жұптарға арнайы ақпараттық брошуралар, құттықтау хаттары, естелік сыйлықтар мен гүл шоқтарын табыстау (тапсырыс берушімен келісу) қажеттігі, әр кездесуге өңірдегі беделді азаматтарды, Ақсақалдар кеңесі мен Аналар кеңесінің мүшелерін шақырту (тапсырыс берушінің келісімімен), кабинет тиісті талаптарға сәйкес кеңсе жихаздарымен (қолайлы) жабдықталуы, екі бағыт бойынша жұмыстар жүргізу кезінде психорлогтарды қажетті құрал жабдықтармен, канцеляриялық т.б. қажетті тауарлармене қамтамасыз етілуі, жобаның жүргізу барысы туралы мүдделі талаптардың қатысуымен және жергілікті электрондық бұқаралық ақпарат құралдарына, баспаға кең көлемде ақпарат беру арқылы жүзеге асырылуы тиістігі, баспа сөз релиздерін қазақ және орыс тілдерінде дайындалуы іс-шаралар жоспарында көрсетілмеген.

Осы ретте, конкурстық комиссиямен Қағиданың 12 қосымшасының 3 тармағы мен тапсырыс беруші қойған мақсаттарға қол жеткізу бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспарының сәйкестігі үшін, соның ішінде тапсырыс берушінің қойған мақсаттарға қол жеткізуі бойынша егжей-тегжейлі іс-шаралар жоспары жоқ не конкурстық құжаттаманың техникалық ерекшелігінде қарастырылған барлық талаптарды қамтылмағандығы үшін 0 балл қойылған.

«Жас қоғам» ЖБДҚ» ЖҚ-нің өтінімінде психолог мамандар туралы мәліметтердің көрсетілмеуі туралы:

Қағиданың 277 тармағында *«ұйымдастырушы конкурстық құжаттама бекітілген күннен бастап үш жұмыс күннен кешіктірмей, бірақ әлеуетті өнім берушілердің конкурсқа қатысуға өтінімдерін ұсынудың соңғы күніне дейін кемінде күнтізбелік жиырма күн бұрын мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс қызметтерін мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы хабарландырудың мәтінін веб-порталда орналастырады»* деп аталған.

Осы ретте, Ұйымдастырушымен мемлекеттік сатып алу веб порталында орналастырылған техникалық ерекшелікте *«психологиялық сеанстарды 2 адамнан кем емес жоғары білікті психологтарды тарта отырып, ұйымдастырылуы қажет, жобаның екі бағыты бойынша өткізілетін шараларға тартылатын психолог-консультанттар медициналық білімді, сертификатты немесе лицензиялы және сол саладығы еңбек тәжірибесі 3 жылдан кем болмауы тиіс»* туралы талаптар қойылған.

Бұл ретте, «Жас қоғам» ЖДБҚ» ЖҚ-ның және «4 власть» Атырау журналисттер одағы» ҚБ-нің өтінімдерінде психолог мамандары туралы мәліметтер көрсетілмей, біліктілігін растаушы білімі туралы дипломдарының көшірмелері ұсынылмағандығы анықталды.

Осы ретте, Қағиданың 234 тармағында *«<u>233-тармақтың</u> 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген өлшемшарттар бойынша бір баллдан төмен жинаған әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдері жалпы жиналған баллдардың санына қарамастан, конкурсқа қатысуға жіберілмейді»* деп атап көрсетілген талабы негізінде, аталған әлеуетті өнім берушілерге Қағиданың 233 тармағының 1 тармақшасында көрсетілген өлшемшарт бойынша 0 бал берілуге жатады. Конкурстық комиссиямен аталған заңнама нормалары сақталмай «Жас қоғам» ЖДБҚ» ЖҚ-не және «4 власть» Атырау журналисттер одағы» ҚБ-не 1 бал беріліп, конкурсқа қатысуға негізсіз жіберілген.

<u>Сіздің өтініміңізге жұмыс тәжірибесіне 1 бал берілуі туралы:</u>

Конкурстық құжаттаманың 6-қосымшасының 1 ескертуіне сәйкес *«егер осы конкурста қызметтерді көрсету тәжірибесінің болуы біліктілік талабы болып табылмаған жағдайда растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерінің болмауы тиісті шартты жеңілдікке әсер етеді. Сатып алынатын көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесін растаушы құжаттар көрсетілген қызметтердің <u>актілері мен шот-фактураларының электрондық көшірмелері</u> болып табылады»* деп көрсетілген.

Сондай-ақ, конкурстық құжаттаманың 6 қосымшасының 2 тармағына сәйкес, растаушы құжаттардың (бар болған жағдайда толтырылады) электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, әлеуетті өнім берушінің соңғы

он жыл ішінде конкурста сатып алынатындарға ұқсас (сол сияқты) көрсеткен қызметінің көлемі есептелінеді.

Алайда, Сіздің конкурстық өтінімізде жұмыс тәжірибесі бойынша 6-қосымшада растаушы құжаттар (*актілері мен шот-фактураларының электрондық көшірмелері*) толықтай көрсетілмей, конкурстық комиссиямен негізсіз 1 балл берілген.

Жоғарыда айтылғандар негізінде, анықталған бұзушылықтарды жою туралы заңнамаларға сәйкес шаралар қабылданады.

Берілген жауапқа қанағаттанбаған жағдайда, ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 47 бабының 7 тармағына және ҚР-ның «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 14 бабына талаптарына сәйкес шағымдануға, соның ішінде жоғары тұрған органға шағымдануыңызға құқығыңыз бар екендігін қаперіңізге береміз.

Департамент басшысының м.а. **Б.Анжанов**

Орын:А.Садыкова
Тел:87122 319038